



Е-GOV.KZ жүйесі бойынша тіркелген алғашқы бұқаралық ақпарат құралы

45minut.kz

Республикалық басылым - Республиканское издание

2024-2025 оқу жылы | № 19 (282)



ҚАЗБЕК РАЯНА БАҒЛАНҚЫЗЫ

*Ақтөбе қаласы № 78 жалпы орта
білім беретін мектеп-гимназиясының
6 «А» сынып оқушысы*

*Балалар әдебиетінің бәйтерегі
Бердібек Соқпақбаевтің есімін, оның
әйгілі шығармасы «Менің атым
Қожаны» білмейтін адам жоқ шығар.*

*Біреулер оны кітаптан оқыса, ал
біреулер режиссер Абдолла
Қарсақбаевтың киносынан көрді.
«Қожаны» менің әкем де, анам да
кітаптан оқып өскен.*

*Енді, міне, менің де сүйікті
кітабыма айналып отыр. Сондықтан
қазақ балалар әдебиетінің ең танымал
жазушысы Б.Соқпақбаевтың «Менің
атым Қожа» повесі бүгінгі уақытта да
балалардың қызыға, сүйсіне оқитын
шығармалар көшінің ең басында тұр
десем, артық айтқандық емес.*

*Жазушы Бердібек Соқпақбаевтың
әдеби шығармасының кейіпкері
«ҚОЖА» туралы бірер сөз ...*



Талантты жазушы Б.Соқпақбаев ерекшелігі бала жанын терең түсініп бала ойымен, балалардың сөзімен жазуында деп ойлаймын.

Мен оқыған повестің басты кейіпкері Қожа – (толық есімі - Қожабарген) біздің арамызда жүрген кейбір оқушылардың айқын көрінісі. Бойындағы барлық жетістігі мен кемшілігі қатар көрініс беретін Қожаны оқырман бірден жылы қабылдап, соңында тіпті жақсы көріп кетеді.

Оның Жантасқа көрсететін қыры да, Майқанова апайдың сөмкесіне бақа салып қорқытуы да, анасының алдында егіліп кешірім сұрауы да, өз-өзіне қатаң жиналыс ашуы да – бәрі бізге сондай таныс сәттер. Себебі Қожаның басынан кешкен оқиғалары шынайы өмірден, оқушылар өмірінен алынған, сондықтан шығарманы оқи отырып, Қожамен бірге ұялып, кей сәтте Қожамен бірге мақтанып отырарсың. Мысалы лагерьге жолдама алу оқиғасын еске түсірсек, «Түстен кейін төсегімде

демалып жатып, ойға қалдым: Бағана Майқановаға істегенім тұрпайылық болды-ау деймін. Әрине, Жантасқа жолдама беріп, маған бермеген оныкі де әділдік емес. Ызамды осы келтірді. Дегенмен, Майқанова мұғалім, класс жетекшісі...». Бұл үзіндіден біз Қожаның ашумен ұстазына дәрекілік көрсетіп, кейін оған өкінгенін байқаймыз. Дәрекі, тәртіпсіз қылық көрсеткен Қожа үшін менде қатты ұялдым. Шығарманы бойында Сұлтанға еріп өтірікші, мақтаншақ Қожаға айналғанына сенгім келмеді.

Қожа бейнесі бүгінгі менің құрдастарыма үлгі бола алады ма?

Неліктен? Міне, осы сұрақ Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаевтың «Қожасын» оқыған әрбір оқырманның кеудесінде тұратыны сөзсіз.

Менің ойымша, Қожа – өз-өзінді қайта тәрбиелеудің, кемшіліктеріңді мойындап, шынайы, адал болудың үлгісі. Тіпті нағыз батылдықтың үлгісі дегім келеді. Оған дәлел ретінде мына бір үзіндіні келтірсем, «Түзелуім керек. Бұл менің түзелемін деп өзіме өзім бірінші рет уәде беруім емес. Талай рет уәде бердім, шындап бердім. Бірақ қанша тыныш жүрейін деп тырыссам да, олай болмай шығады. Не ет қызуыммен, не басқа бір себеппен тәртіпсіздік істеп қойғанымды өзім де байқамай қалам. Жоқ, енді олай болмауға тиіс!». Қожа өз-өзіне өзгеруге уәде берді, ол сөзінде тұрды. Демек, өмірде қателік жасаудан қорықпай, керісінше, оны Қожа секілді мойындап, жақсы жаққа өзгеруге тырысуымыз керек.

Ойымды қорытындылай келе, қаламгер Бердібек Соқпақбаев- нағыз шебер балалар жазушысы, ал «Менің атым Қожа» - оқушылардың ең сүйікті шығармасы деп ойлаймын.

Биыл жазушының туғанына 100 жыл толуына орай, елімізде көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр.

Сондай шараның бірі – «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы.

Біз сыныбымызбен акция аясында Қалалық модельді кітапханада өткен «Балалықты әдебиетке әкелген» атты іс-шарасына қатыстық. Жазушының талантына тәнті болған мен өзімнің қаламгер туралы ойымды ортаға салған едім. Талантты жазушы Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары әрқашан өз оқырманын баурап, жақсылыққа үйретіп, шынайы болуға тәрбиелейтіні сөзсіз.

МББ аты: «Республикалық 45minut.kz» газеті |

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: аптасына 1 рет Тарату аумағы:

Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы

қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін,
ғылыми, танымдық, жарнамалық

«Республикалық 45minut.kz» газетіне жарияланған ақпараттардың авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес. Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, 2012 жылғы 19 наурызда № 12341-Г куәлігі берілді.

Газеттің қайта тіркеуден өткен күні:

08.08.2019 жыл Куәлік №

KZ48VPY00013618. Нұр-Сұлтан қаласы

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Газет «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2024 жыл

Телефон: 8 777 055 0590